

## **"Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 3/395 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер туралы Алматы қаласы әділет органдарына хабарласын;

2) осы қаулыны интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1136 тіркелген, "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде 2015 жылғы 5 наурызда жарияланған) 2015 жылғы 17 ақпандағы № 1/98 және "Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 17 ақпандағы № 1/98 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №1196 тіркелген, "Алматы ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде 2015 жылғы 29 тамызда жарияланған) 2015 жылғы 23 шілдедегі № 3/462 қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә. Жүнісоваға жүктелсін.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Байбек*

Алматы қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 18 тамыздағы  
№ 3/395 қаулысымен бекітілді

## **"Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджеттің атқарылуы, бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алу және есептілікті жүргізу, сонымен қатар, Алматы қаласының коммуналдық меншігін иелену, пайдалану және оған билік ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына, Алматы қаласы әкімінің шешімдері мен өкімдеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғасы болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары бар.

4. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіпте "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешім қабылдайды.

7. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы және штаттық санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 97.

9. Толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение "Управление финансов города Алматы".

10. Осы Ереже "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне

кәсіпкерлік субъектілерімен "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің миссиясы – Алматы қаласының бюджеттік қаражатын уақтылы және тиімді басқару және коммуналдық меншігін басқару деп белгіленген.

14. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82, 101 баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес белгіленген:

- 1) бюджеттік ақшаны басқаруды жүзеге асыру;
- 2) Алматы қаласы бюджетінің атқарылуы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 3) Алматы қаласының коммуналдық меншігін басқару;
- 4) Алматы қаласының әкімі айқындайтын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша біріңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу.

15. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына,

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы № 660 "Алматы қаласын және Алматы облысын энергиямен жабдықтаудың жекелеген мәселелері" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 939 "Мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 615 "Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 "Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендіру нысандарын сату ережелерін бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 "Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 "Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1140 "Өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін және олардың алып жатқан жер учаскелерін кейіннен меншікке өтеусіз бере отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 30 "Бюджет кредиттерін тіркеу, есепке алу және мониторингі ережесін бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 68 "Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 "Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тізбесінің сыныптауышын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 8 шілдедегі № 325 "Қаржылық есептілік

нысандарын және оларды жасау ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 30 қазандағы № 500 "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 324 "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 17 "Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 212 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 285 "Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына, Алматы қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 3/435 "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысына сәйкес белгіленген:

1) төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын және міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау және бекіту;

2) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына және қаржыландырудың жиынтық жоспарларына өзгерістер енгізу;

3) мемлекеттік мекемелермен, олардың өз билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін түсімдері мен ақша шығындарының жиынтық жоспарларын тексеру және келісу;

4) Алматы қаласының бюджеттік қаражаттарынан және республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерді бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің игеруін мониторингілеу;

5) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте бюджеттің атқарылуы бойынша

есептерді жоғары тұрған органдарға ұсыну;

6) бюджеттің атқарылуы бойынша шоғырланғандырылған қаржылық есептілікті жасау және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне ұсыну;

7) Алматы қаласының кіріс көздеріне, шығыстарына, оны орындау мақсатында және жергілікті атқарушы органдардың қорына мониторингті жүзеге асыру, орындалмау себептерін айқындау;

8) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қала әкіміне материалдар әзірлеу;

9) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Алматы қаласының бюджетінен бөлінген ақша қаражатының тиімді және оңтайлы жұмсалуды қадағалау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды қамтамасыз ету;

10) кредиттік шарттар талаптарына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден берілген кредиттерді өтеу және қызмет көрсету;

11) тұрғын үй құрылысын қаржыландыру шеңберінде ішкі нарықтағы айналым үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығару;

12) тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді ішкі мемлекеттік сатып алу үдерісін үйлестіру және өткізу, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік сатып алу үдерісінің қатысушыларына әдістемелік, ұйымдастырушылық көмек көрсету;

13) Алматы қаласының әкімі анықтайтын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыру;

14) жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері бойынша мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүзеге асыру;

15) коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттықтың жүргізілуі туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымын анықтау бойынша Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына сәйкес конкурс өткізу;

16) Алматы қаласының коммуналдық меншігін басқару мәселелері бойынша Алматы қаласы әкімдігінің саясатын әзірлеуге, қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысу;

17) коммуналдық мүлікті басқару және оны қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру;

18) түгендеу жүргізу жолымен коммуналдық мүлікті есепке алуды ұйымдастыру;

19) мемлекеттің қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестер мен акционерлік қоғамдардың, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, коммуналдық мемлекеттік

мекемелердің бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік саласын үйлестіру;

20) коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

21) өз құзыреті шегінде коммуналдық мүлікті басқару саласында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

22) коммуналдық заңды тұлғаға берілген немесе олардың жеке шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті қайтарып алу немесе қайта бөлуді уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асыру;

23) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, коммуналдық заңды тұлғалардың артық немесе мақсатына сай пайдаланбайтын мүлкін алып қоюды жүзеге асыру;

24) коммуналдық мүлікті, сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асыру, оның ішінде жекешелендіру үдерісін ұйымдастыру үшін делдалды тарту, жекешелендіру объектісіне бағалау жүргізуді ұйымдастыру, жекешелендіру нысанын сатып алу-сату шарттарын жасауды және дайындауды, сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

25) коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз негізде кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен беру құқығымен мүліктік жалдаудың (жалға берудің), сенімгерлік басқаруға беру;

26) коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға беруге) беру;

27) мүліктік жалдау (жалға беру), өтеусіз пайдалану шарттары талаптарының сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

28) коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқарушымен міндеттемелердің орындауына бақылауды жүзеге асыру;

29) "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүлік құқықтарын Қазақстан Республикасының қабылдауы" мемлекеттік қыметті көрсету;

30) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Алматы қаласының коммуналдық меншігіне айналдырылған (түскен) жылжымалы мүлікті сұрыптау, санау, тасымалдау және сақтау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

31) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Алматы қаласының коммуналдық меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

32) мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру және қабылдау жұмыстарын қамтамасыз ету;

33) жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша жасасқан мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының тізілімін жүргізу;

34) акционерлік қоғаммен (жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен) тапқан таза табысты бөлу және акционерлік қоғаммен (жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен) акционерлік қоғамның мемлекетке тиесілі акциялары (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) бойынша бірден-бір акционері (қатысушысы) шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде дивидендтер аудару;

35) акционерлердің (қатысушылардың) жылдық жалпы жиналысын өткізу кезінде жергілікті атқарушы органмен белгіленген көлемде акционерлік қоғамдармен (жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен) дивидендтерді төлеуге кірістің таза табыс бөлігін бағыттау үшін шаралар қолдану;

36) мемлекеттің қатысумен коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыру және жүргізу;

37) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, сондай-ақ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтайшысы болады;

38) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың орналастырылатын акцияларына төлем жасауды және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақша енгізу жолымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына салымды, сондай-ақ коммуналдық мүлікті, оның ішінде акционерлік қоғамдардың акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысу үлестерін енгізуді жүзеге асыру;

39) жергілікті атқарушы органның атынан мемлекеттің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде қатысу құқықтарын жүзеге асыру;

40) акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысына акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) директорлар кеңесіне (байқау кеңесіне) тағайындау үшін кандидатура ұсыну және жалғыз акционері (қатысушысы) мемлекет болып табылатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) директорлар кеңесін (байқау кеңестерін) жергілікті атқарушы органдармен келісу арқылы қалыптастыру;

41) мүлікті иесіз деп тану жөнінде сотқа шағым жасау;

42) азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау;

16. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 82, 85, 90, 94 баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 14, 16, 17, 73, 74, 75, 76, 79, 83, 196, 202 баптарына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 "Бюджеттің



атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес белгіленген:

1) Алматы қаласының коммуналдық меншігі және бюджеті мәселелері жөнінде қажетті ақпаратты мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардың лауазымыды тұлғалары мен азаматтарынан сұрау және алу;

2) кіріс көздері түсімдері мониторингін жүзеге асыру үшін белгіленген үлгіде Алматы қаласы бойынша Салық органдары және Алматы қаласы Қазынашылық департаментінен салық және өзге де міндетті төлемдер түсімдерінің сомасы туралы есептіліктер алу;

3) Алматы қаласының әкіміне мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен акционерлік қоғамдар құру, қайта құру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан қажетті қаржылық және өзге де құжаттарды, сондай-ақ, коммуналдық меншікті пайдаланумен байланысты мәселелер жөнінде ақпараттарды сұрау және алу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте коммуналдық мүлікті жекешелендіру туралы шешім енгізу;

6) Әкім анықтайтын бюджеттік бағдарламалар немесе тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде мемлекеттік сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің жылдық жоспары туралы, сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі, жобалау-сметалық құжаттама, мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жобасы, тартылған сарапшылар немесе сараптама комиссиясы, сондай-ақ өзге де қосымша ақпаратты сұрау;

7) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 56 бабымен белгіленген тәртіпте талаппен сотқа өтініш беру;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

17. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін басқаруды "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз қызметтерін жүзеге асыруға жеке жауапкершілікте болатын Басшы жүзеге асырады;

18. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Басшысы Алматы қаласы әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. Басшының уәкілеттігі:

1) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз қызметтерін жүзеге асыруға жеке жауапкершілікте болады.

2) өз орынбасарларының және "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлім басшыларының міндеттемелері мен уәкілеттіктерін белгілейді;

3) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды және осы шараларды қабылдауға жеке жауапкершілікте болады;

4) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тәртіптік жазалар қолданады;

6) өз уәкілеттіктері шегінде бұйрықтар шығарады;

7) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымын және "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бөлімдері туралы ережені бекітеді,

8) "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда қорғайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезде, оның өкілеттігін орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, басшының міндетін уақытша атқарушы тұлғамен жүзеге асырылады.

21. Басшы өз орынбасарларының уәкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамамен көзделген жағдайларда оралымды басқару құқығында оқшауланған мүлкі

болуы мүмкін.

"Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген, сондай-ақ, (ақша кірістерін қосқанда) өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік есебінен құрылады.

23. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітіліп берілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен оған билік етуге құқығы жоқ.

## **5. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта құру және тарату**

25. "Алматы қаласы Қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.